# AutoTrac RowSense

## МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІНІҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

## AutoTrac RowSense

**OMPFP14996 ШЫҒАРЫЛЫМЫ F2 (KAZAKH)**

**John Deere Ag Management Solutions**
**(Бұл нұсқаулық ауыстырады OMPFP11679)**
PRINTED IN U.S.A.

## Алғы сөз

Жүйені дұрыс басқару туралы мәліметтерді алу үшін, ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ОҚЫҢЫЗ. Бұлай жасамау жеке жарақат алуға немесе жабдықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін. Осы нұсқаулық пен машинаңыздағы ескерту белгілері басқа тілдерде де берілуі мүмкін. (Тапсырыс беру үшін John Deere дилеріне хабарласыңыз.)

БҰЛ НҰСҚАУЛЫҚТЫ машинаның тұрақты бөлігі ретінде есептеу керек және сатқанда жүйемен бірге қалуы керек.

Осы нұсқаулықтағы ӨЛШЕМДЕР метрикалық және дәстүрлі АҚШ бірлік эквиваленттерінде берілген. Тек дұрыс қосалқы бөлшектер мен дәнекерлерді қолданыңыз. Метрлік және дюймдік дәнекерлер арнайы метрлік немесе дюймдік гайка кілтін қажет етуі мүмкін.

ОҢ ЖАҚ ЖӘНЕ СОЛ ЖАҚ машинаның алға қарай жүрген кезінде қозғалу бағытына бет бұру арқылы анықталады.

КЕПІЛДІК құрылғылары осы нұсқаулықта сипатталғандай жұмыс жасататын және қолданатын John Deere тұтынушыларына қолдау көрсету бағдарламасының бір бөлігі ретінде қамтамасыз етіледі. GreenStar жабдығының кепілдік шарттары дилерден алынған кепілдік жөніндегі сертификатта түсіндірілген.

Осы кепілдік сізді John Deere кепілдік мерзімінің ішінде ақаулары анықталған өнімдерді қайтарып алатынына кепілдік береді. Кейбір жағдайларда John Deere сондай-ақ, жиі кездерде тұтынушыдан қосымша төлем талап етпей, тіпті өнімнің кепілдік мерзімі өтіп кеткен жағдайда да алқаптық жақсартуларды қамтамасыз етеді. Егер жүйе дұрыс пайдаланылмаған немесе өнімділігін түпнұсқа зауыттық сипаттамаларынан тыс өзгерту үшін өзгертілген болса, онда кепілдік өз күшін жояды және салалық жақсартулар да ұсынылмауы мүмкін.

KR43067,00000A2 -KK-10NOV08-1/1

# Мазмұны

Бет

**Қауіпсіздік**
Қауіпсіздік ақпаратын тану ....5-1
Белгі беретін сөздерді түсіну ....5-1
Қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындау ....5-1
Қауіпсіз техникалық қызмет көрсету ....5-2
Электр құрамдастар мен кронштейндерді қауіпсіз пайдалану ....5-2
Бағыттау жүйелерін қауіпсіз пайдалану ....5-3
Қауіпсіздік белбеуін дұрыс пайдалану ....5-3
Егін ору құралдарынан алшақ тұру ....5-3
Нұсқаулықты оқу ....5-4

**Жалғастыру түймешігі**
Жалғастыру түймешігін орнату ....10-1

**AutoTrac RowSense**
Шолу ....15-1

**2012 жылғы үлгі мен соңғы орнату және калибрлеу жүйесі**
AutoTrac RowSense орнату ....20-1
Қатар бағыттауыш ауытқуын орнату ....20-2
Қатар енгізуді орнату ....20-3
Қатар датчигін калибрлеу процедурасы ....20-4

**2011 жылғы үлгі және ескірек орнату және калибрлеу жүйесі**
AutoTrac RowSense орнату ....25-1
Қатар датчигін калибрлеу процедурасы ....25-1
Қатар бағыттауыш ауытқуын орнату ....25-2

**Жүйені іске қосу**
Дисплейлер мен көрсеткіштер ....30-1
Қатар датчиктерін қосу ....30-2

**2600 және 2630 дисплейі—түзу жол**
Түзу жол ....35-1

**2600 және 2630 дисплейі—бейімделгіш көлбеулер**
Бейімделгіш көлбеулер ....40-1
Бейімделгіш көлбеулерді орнату ....40-2
RowFinder ....40-3

**2600 және 2630 дисплейі—AB көлбеулер**
AB көлбеулері ....45-1

Бет

**2600 және 2630 дисплейі—шеңбер жол**
Шеңбер жолды орнату ....50-1

**GS3 CommandCenter—түзу жол**
Жұмыс сипаттамасы ....55-1
Жаңа Түзу бойымен жүргізу жолын құру ....55-1
A+B, A+Авто B және A+Басқару әдістері ....55-2

**GS3 CommandCenter—бейімделгіш көлбеулер**
Жұмыс сипаттамасы ....60-1
Бағыттау үлгілері ....60-1
Жаңа бейімделгіш көлбеу жолын құру ....60-2
Түзу бойындағы жолды жазып алу немесе Бөгеттерді айналып өту ....60-4
RowFinder ....60-4

**GS3 CommandCenter—AB көлбеулері**
Жұмыс сипаттамасы ....65-1
Жаңа AB көлбеу жолын құру ....65-2
Түзу бойындағы жолды жазып алу немесе Бөгеттерді айналып өту ....65-2

**GS3 CommandCenter—шеңбер жол**
Жұмыс сипаттамасы ....70-1
Жаңа шеңбер жолын құру ....70-1
Шеңбер бойымен жүргізу әдісі ....70-1
Ендік / Бойлық әдісі ....70-1

**Диагностика**
Диагностика экрандары ....75-1

**Қатар датчиктерін тазалау**
Қатар датчиктерін тазалау ....80-1

**Сипаттамалар**
ЕО нормативтеріне сәйкестілік туралы мәлімдеме ....85-1

*Бастапқы нұсқаулықтар. Осы нұсқаулықтағы барлық ақпараттар, суреттер және сипаттамалар жариялым кезіндегі қол жетімді ең соңғы ақпараттарға негізделген. Жариялаушы кез келген уақытта өзгертулерді ескертусіз енгізуге құқылы.*

COPYRIGHT © 2012
DEERE & COMPANY
European Office Mannheim
All rights reserved.
A John Deere ILLUSTRUCTION ® Manual

## Қауіпсіздік ақпаратын тану

Бұл – дабыл белгісі. Машинаңыздан немесе осы нұсқаулықтан бұл белгіні көргенде адам жарақаттану мүмкіндігіне сақ болыңыз.

Ұсынылған алдын алу шаралары мен қауіпсіз технологиялық режимді орындаңыз.



T81389 —UN—28JUN13

DX,ALERT -KK-29SEP98-1/1

## Белгі беретін сөздерді түсіну

Белгі беретін —ҚАУІП, САҚТАНДЫРУ немесе ЕСКЕРТУ— сөздері дабыл белгілерімен бірге пайдаланылады. ҚАУІП аса қауіпті қатерлерді білдіреді.

ҚАУІП немесе САҚТАНДЫРУ ескерту белгілері белгілі бір қауіпті жерлердің жанында орналасады. Жалпы алдын алу шаралары ЕСКЕРТУ белгілер қатарында тізімделген. ЕСКЕРТУ, сондай-ақ, осы нұсқаулықтағы қауіпсіздік хабарларына назар аударуды талап етеді.




TS187 —KK—03AUG12

DX,SIGNAL -KK-03MAR93-1/1

## Қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындау

Осы нұсқаулықтағы және машинаңыздың ескерту белгілеріндегі барлық қауіпсіздік хабарламаларын мұқият оқып шығыңыз. Ескерту белгілерін жақсы күйде сақтаңыз. Жоғалып қалған немесе зақымдалған қауіпсіздік белгілерін ауыстырыңыз. Жаңа құрылғы құрамдастары мен қосалқы бөлшектерінің қазіргі ескерту белгілері барлығына көзіңізді жеткізіңіз. Ескерту белгілерінің алмасуын John Deere дилерінен алуға болады.

Бұл механик-жүргізуші нұсқаулығында қамтылмаған, бірақ жеткізуші берген бөлшектер мен құрамдастар жөніндегі қосымша қауіпсіздік ақпараты болуы мүмкін.

Машинаның қызметі мен басқару құралдарын дұрыс пайдалануды үйреніңіз. Ешбір адамға нұсқаулықсыз жұмыс істеуге рұқсат етпеңіз.

Машинаңызды дұрыс жұмыс істеу жағдайында сақтаңыз. Машинаға өздігіңізден өзгертулер енгізу қызметі мен/немесе қауіпсіздігін нашарлатуы және машинаның қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.




TS201 —UN—15APR13

Егер бұл нұсқаулықтың ешбір бөлігін түсінбесеңіз және көмек қажет етсеңіз, John Deere дилеріне хабарласыңыз.

DX,READ -KK-16JUN09-1/1

## Қауіпсіз техникалық қызмет көрсету

Жұмысты орындау алдында қызмет үрдісін түсініңіз. Аймақты таза және құрғақ сақтаңыз.

Қозғалып жатқанында машинаны ешқашан майламаңыз, қызмет көрсетпеңіз немесе баптамаңыз. Қолдарды, аяқтарды және киімді механикалық бөліктерден ары ұстаңыз. Қысымды босату үшін бүкіл күшті және жұмысты басқару құралдарын өшіріңіз. Аспа құралды жерге түсіріңіз. Моторды өшіріңіз. Кілтті шығарыңыз. Машинаны салқындатыңыз.

Қызмет жұмысы үшін көтеру керек барлық машина элементтерін қауіпсіз тіреңіз.

Барлық бөліктерді жақсы және тиісті түрде орнатылған күйде сақтаңыз. Зақымды бірден түзетіңіз. Тозған немесе бұзылған бөліктерді ауыстырыңыз. Қонған майды немесе қоқыстарды тазалаңыз.

Өзі жүретін жабдықта электр жүйелерін баптау немесе машинада пісіру алдында батареяның жерге қосу сымжелісі (-) ажыратыңыз.

Сүйрелетін аспа құралдарда, электр жүйесінің құрамдастарына қызмет көрсету немесе машинада пісіру алдында трактордан сымдарды ажыратыңыз.



TS218 —UN—23AUG88

DX,SERV -KK-17FEB99-1/1

## Электр құрамдастар мен кронштейндерді қауіпсіз пайдалану

Құрылғыда орнатылған электр құрамдастарды бекіту немесе алып тастау кезіндегі құлау жеке жарақаттарды тудыруы мүмкін. Әр орнату орнына оңай жету үшін сатыны немесе платформаны пайдаланыңыз. Берік және қауіпсіз аяқ тіректерін және қол тіректерін пайдаланыңыз. Құрамдастарды дымқыл немесе мұзды жағдайларда орнатпаңыз немесе алмаңыз.

Мұнара немесе басқа биік құрылыста RTK негізіндегі станциясын орнату немесе қызмет көрсету кезінде тіркелген монтерлық тырнақтарды пайдаланыңыз.

Аспа құралда пайдаланылған жалпы орнату қабылдағыш мачтасын орнату немесе қызмет көрсету кезінде тиісті көтеру техникасын пайдаланыңыз және қорғау құралдарын киіңіз. Мачта ауыр және пайдалану үшін ыңғайсыз болуы мүмкін. Орнату орындарына жерден немесе қызмет платформасынан жету мүмкін болғанда, екі адам қажет.



TS249 —UN—23AUG88

DX,WW,RECEIVER -KK-24AUG10-1/1

## Бағыттау жүйелерін қауіпсіз пайдалану

Бағыттау жүйелерін жолдарда пайдаланбаңыз. Жолға шығудың алдында әрқашан бағыттау жүйелерін өшіріңіз (сөндіріңіз). Жолда тасымалдау кезінде бағыттау жүйесін қосуға (іске қосуға) әрекеттенбеңіз.

Бағыттау жүйелері механик-жүргізушіге алқаптық жұмыстарды әсерлі орындау үшін көмектесуге арналған. Механик-жүргізуші машинаның бағытына әрқашан жауапты.

Бағыттау жүйелері көліктің рульдік басқарылуын автоматтандыратын кез келген бағдарламаны қамтиды. Бұл AutoTrac, iGuide, iTEC Pro, ATU және RowSense жүйелерін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Механик-жүргізушінің және жаныңыздағы адамдардың жарақаттарын болдырмау үшін:

- Қозғалыстағы көлікке ешқашан мінбеңіз немесе одан түспеңіз.
- Машина, аспа құрал және бағыттау жүйесі дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. iTEC Pro пайдаланғанда, дәл шекаралар анықталғанын тексеріңіз.
- Сақ болыңыз және айналадағы қоршаған ортаға көңіл бөліңіз.
- Алқап, жанындағы адамдар, жабдық немесе басқа бөгеттер қауіптерін болдырмау үшін рульдік доңғалақты басқарыңыз.
- Егер көру жағдайлары машинаны жүргізу қабілетіңізге кедергі келтірсе немесе машина жолының алдында адамдар не басқа бөгеттер байқалса, басқаруды тоқтатыңыз.
- Көлік жылдамдығын таңдау кезінде алқап жағдайларын, көру мүмкіндіктерін және көлік конфигурациясын ескеріңіз.

JS56696,0000970 -KK-10MAY11-1/1

## Қауіпсіздік белбеуін дұрыс пайдалану



TS205 —UN—23AUG88

Аударылу сияқты апаттан жарақат алу қаупін барынша азайту үшін аударылудан қорғау құрылымын (АҚҚ) немесе кабинаны басқару кезінде қауіпсіздік белбеуін пайдаланыңыз.

Аударылған жағдайдағы қорғаныс жүйесінсіз немесе кабинасыз жұмыс жасағанда қауіпсіздік белбеуін пайдаланбаңыз.

Егер бекітетін құрамдас жабдық, доғабас, белбеу немесе қауіпсіздік белбеуін жинайтын механизм зақымдалғанын байқасаңыз, оларды толығымен алмастырыңыз.

Қауіпсіздік белбеуін және бекітетін құрамдас жабдықтарды жылына кемінде бір рет тексеріп тұрыңыз. Қиылу, қажалу, тозу, түсінің өзгеруі немесе тотығу сияқты құрамдас жабдықтардың босауының немесе белбеу зақымдалуының белгілерін қараңыз. Машинаңыз үшін мақұлданған қосалқы бөлшектермен ғана ауыстырыңыз. John Deere дилеріне хабарласыңыз.

DX,ROPS1 -KK-29OCT07-1/1

## Егін ору құралдарынан алшақ тұру




ES118704 —UN—21MAR95

Қызметіне байланысты кесуші механизмді, шнекті, катушканы және беруші роликтерді толығымен қалқандау мүмкін емес. Жұмыс істегенде осы жылжымалы элементтерге жақындамаңыз. Машинаны жөндеу немесе тазалау алдында әрқашан негізгі берілісті ажыратыңыз, моторды өшіріңіз және кілтті шығарыңыз.

FX,CUT -KK-21DEC90-1/1

## Нұсқаулықты оқу

**Parallel Tracking немесе AutoTrac пайдалануға әрекет жасау алдында, қауіпсіз және тиісті пайдалану мақсатында қажет құрамдастарды және процедураларды түсіну үшін, осы нұсқаулықты толығымен оқыңыз.**

**Бұл нұсқаулық Parallel Tracking және AutoTrac бағыттау жүйелерінің бағдарламаларына арналған.**

OUO6050,0000F2C -KK-03APR08-1/1

## Жалғастыру түймешігін орнату

AutoTrac жүйесімен жабдықталған комбайн RowSense жүйесімен жабдықталған жүгері жинағыш тіркемесіне жалғанған кезде мультифункционалды басқару тұтқасындағы 2 және 3 түймешіктері осы жүйе үшін хедерді төмендету және AutoTrac жалғастыру түймешіктері ретінде пайдалану мақсатында автоматты түрде іске қосылады. 2012 жылғы үлгіде және жаңарақ комбайндарда Авто түймешігін AutoTrac жүйесін қосу үшін пайдалануға болады және қатар датчиктері дән байланыс датчиктеріне тиген кезде қосылады. (Қосымша ақпарат алу үшін, "Жүйені іске қосу" бөлімінде "Қатар енгізуді орнату" тақырыбын қараңыз.)




PC13860 —UN—13JUL11

*Комбайндағы Жалғастыру түймешігі*

BA31779,00001F5 -KK-08NOV11-1/1

## Шолу

AutoTrac RowSense жүйесі келесі құрамдастардан тұрады

- Біріккен AutoTrac жүйесі жаңартылған AutoTrac RowSense жүйесі рульдік басқару жүйесінің құрылғысы (SSU), AutoTrac SF1 немесе SF2 белсендіруімен бағдарламаланған жасақтамасы бар комбайнға орнатылған және іске қосылған.
  - 50 және 60 сериялы комбайндар үшін көпір контроллері/шлюз бағдарламалық жасақтамасының жаңартылған нұсқасы орнатылуы тиіс.
  - 2008 жылғы S–, W–, T–сериялы үлгілер және 2009 жылғы C–сериялы үлгі комбайндарында AutoTrac RowSense жүйесімен үйлесімді болуы үшін, LYNX шинасы орнатылуы тиіс.
- Біріккен AutoTrac жүйесі жаңартылған AutoTrac RowSense жүйесі рульдік басқару жүйесінің құрылғысы (SSU), AutoTrac SF1 немесе SF2 белсендіруімен бағдарламаланған жасақтамасы бар комбайнға орнатылған және іске қосылған.
- 2012 жылғы үлгі және соңғы комбайндар GS3 2630 дисплейін немесе GreenStar™ 3 CommandCenter жүйесін талап етеді.
- 2011 жылғы және одан бұрын шығарылған комбайндар GS2 2600 және GS3 2630 дисплейін талап етеді.
- AutoTrac RowSense GS3 жүйесі GS3 дисплейі немесе GS3 CommandCenter үшін іске қосылады.
- AutoTrac Row Sense SF1 немесе SF2 жүйесі GreenStar 2 дисплейі үшін іске қосылады.
- SF1, SF2 немесе RTK белсендіруі бар StarFire қабылдағышы.
- Қатар датчиктерінің бір жұбы мақұлданған жүгері жинағыш тіркемесіне орнатылған.

AutoTrac RowSense барлық қолданыстағы жүргізу үлгілерімен және стандартты егін ору үлгілерінің көпшілігімен жұмыс істейді. AutoTrac келесі режимдерде жұмыс істейді: Бейімделгіш көлбеу, AB көлбеулері, шеңбер жол және түзу жол. AutoTrac RowSense - астықты жинау кезінде GS2, GS3 дисплейіндегі және GS3 CommandCenter жүйесіндегі біріктірілген AutoTrac үшін жақсарту болып табылады. Қатарлардың біріне орнатылған қатар датчиктері қатардың қайда екенін білу үшін, дән сабақтарын анықтайды. Қатар датчиктері шығаратын сигналдар, комбайнды қатарларда ұстауға көмектесу үшін, бар AutoTrac сигналдарымен біріктіріледі. Қатар датчиктерінен шығатын сигнал болмағанда (мысалы, су жолы арқылы жүргізгенде) қалыпты gps бағыттауышы қолданылады. AutoTrac басқа сипаттамаларының көпшілігі өзгермеген түрде қалады. Қатар датчиктері - комбайнды басқаруға арналған басқа енгізу күйі болып табылады. Барлық бағыттау режимдері AutoTrac жүйесіне негізделген GPS бірге орнатылғандай орнатылады.

BA31779,00001F6 -KK-08NOV11-1/1

## AutoTrac RowSense орнату

*ЕСКЕРТУ: Осы өнімді пайдаланудың алдында AutoTrac жүйесін орнату үшін, келесі қадамдарды орындау қажет:*

1. GS3 дисплейінде МӘЗІР >> GREENSTAR 3 түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы >>>> ROWSENSE ПАРАМЕТРЛЕРІН өзгерту түймешігіне өтіңіз.

   GS3 CommandCenter жүйесінде МӘЗІР >> GREENSTAR 3 түймешігі >> ПАРАМЕТРЛЕР жылдам қол жеткізу түймешігі >> ROWSENSE ПАРАМЕТРЛЕРІ түймешігіне өтіңіз
2. Қатар бағыттауыш датчиктерін қосу үшін, ауыстырып-қосқыш түймешігін пайдаланыңыз.
3. Датчиктің ауытқу мәні дұрыс екеніне көз жеткізіңіз (0 - әдепкі мән).
4. Қатарды енгізу режимін таңдау үшін, ауыстырып-қосқыш түймешігін пайдаланыңыз.
5. RowSense параметрлерінен шығу үшін, Қабылдау түймешігін таңдаңыз.




PC13820 —UN—14JUN11

*Калибрлеуді орнату*

**A—Датчик күйі**
**B—Датчиктің ауытқуы (-50 - 50)**
**C—Қатарды енгізу әдісі**
**D—Растау**

BA31779,000020C -KK-17OCT11-1/2

AutoTrac RowSense белгішесі келесі орындарда қолжетімді:

- GS3 2630 — бағыттауыш беті КӨРІНІС қойындысының астында.
- GreenStar™ 3 CommandCenter — ІСКЕ ҚОСУ беті

PC10040 —UN—04FEB08



BA31779,000020C -KK-17OCT11-2/2

## Қатар бағыттауыш ауытқуын орнату

Жүгері жинағыш тіркемесіне енетін сабақтардың тураланауын өзгерту үшін, ауытқуды қатар бағыттауышына қосуға болады.

Туралаудың өзгертілуін қажет ететін жағдайлардың мысалдары:

- Орнатылған түйісетін қатарaралығы жүгері жинағыш тіркемесінің ортасында орналасқан және қатарaралықтары тіркеме бойынша аударылды. Ауытқуды барлық қатарлар ауытқусыз қатты еңкейметіндей етіп "айырмашылықты тең бөлу" үшін қолдануға болады.
- Тіркелген қатар датчиктері бар дән бөлгіштер қатармен туралaнбаған. Датчиктерді туралау үшін жөндеу жұмыстарын орындағанша, ауытқуды қалпына келтіруге көмектесу мақсатында ауытқуды қолдануға болады.

0 мәнінен кіші ауытқу мәндерін енгізу комбайнның сәл солға жүруіне, ал 0 мәнінен үлкен мәндер комбайнның сәл оңға жүруіне әкелуі мүмкін. Әдепкі мән -50 - 50 ауқымындағы 0 мәніне тең.




A—Датчик күйі
B—Датчиктің ауытқуы (-50 - 50)
C—Қатарды енгізу әдісі
D—Растау

1. GS3 дисплейінде МӘЗІР >> GREENSTAR 3 түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы >>>> ROWSENSE ПАРАМЕТРЛЕРІН өзгерту түймешігіне өтіңіз.

   GS3 CommandCenter жүйесінде МӘЗІР >> GREENSTAR 3 түймешігі >> ПАРАМЕТРЛЕР жылдам қол жеткізу түймешігі >> ROWSENSE ПАРАМЕТРЛЕРІ түймешігіне өтіңіз
2. Қатар бағыттауыш ауытқуын (-50 - 50) енгізіңіз. Әдепкі мән – 0.
3. RowSense параметрлерінен шығу үшін, Қабылдау түймешігін таңдаңыз.

BA31779,000020D -KK-08NOV11-1/1

## Қатар енгізуді орнату

1. GS3 дисплейінде МӘЗІР >> GREENSTAR 3 түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы >>>> ROWSENSE ПАРАМЕТРЛЕРІН өзгерту түймешігіне өтіңіз.

   GS3 CommandCenter дисплейінде МӘЗІР >> GREENSTAR 3 түймешігі >> ПАРАМЕТРЛЕР жылдам қол жеткізу түймешігі >> ROWSENSE ПАРАМЕТРЛЕРІ түймешігіне өтіңіз

2. Қатарды енгізу режимін таңдау үшін, ауыстырып-қосқыш түймешігін пайдаланыңыз.
3. RowSense параметрлерінен шығу үшін, Қабылдау түймешігін таңдаңыз.

**Қолмен басқару:**

1. Комбайнды қатарға жүргізіңіз.
2. Тіркемені төмендету үшін, Жалғастыру түймешігін бірінші рет басыңыз.
3. Бағыттауышты және қатар датчиктерін қосу үшін, Жалғастыру түймешігін екінші рет басыңыз.

**GPS:**

1. Комбайнды қатарға жүргізіңіз.
2. Тіркемені төмендету және бағыттауышты қосу үшін, Жалғастыру түймешігін бірінші рет басыңыз.
3. Қатар датчиктерін қосу үшін, Жалғастыру түймешігін екінші рет басыңыз.




PC13820 —UN—14JUN11

**A—Датчик күйі**
**B—Датчиктің ауытқуы (-50 - 50)**
**C—Қатар енгізу**
**D—Растау**

*ЕСКЕРТУ: Авто түймешігі басылғанда, AutoTrac жүйесі қосылады. Дән байланыс датчиктеріне тигенде, қатар датчиктері қосылады.*

BA31779,000020E -KK-08NOV11-1/1

## Қатар датчигін калибрлеу процедурасы

Бұл процедура жүйені орнатқанда немесе жүйені жөндегеннен кейін орындалады. Қатар датчиктерін орнатып, тұғырларға қарама-қарсы орналастыру керек.

1. Калибрлеуге дайындау

   Қатар датчиктері бастапқы күйде ұстап тұрған серіппелермен орнатылғанын тексеріңіз. Қатар датчиктерінің жерге тиіп тұрмауын қамтамасыз ету үшін, хедерді көтеріңіз. Комбайн қозғалмауы керек.

2. МӘЗІР >> GREENSTAR 3 түймешігі >> ДИАГНОСТИКА жылдам қол жеткізу түймешігі >> Ашылмалы мәзірден RowSense таңдау тармағына өтіңіз.

3. Датчиктің қозғалыссыз күйіндегі кернеулерін калибрлеңіз.

   Датчиктің қозғалыссыз күйіндегі кернеулерін SSU жадына сақтау үшін, КАЛИБРЛЕУ түймешігін басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Калибрлеу түймешігін көру үшін, датчиктер қосулы болуы керек.*

*ЕСКЕРТУ: GS3 2630 және GreenStar™ 3 CommandCenter дисплейі енді сол жақ датчик және оң жақ датчик кернеулерін көрсетеді. Оң жақ датчиктің қозғалыссыз күйдегі кернеуі 2,5 вольттан үлкен болуы керек. Сол жақ датчиктің қозғалыссыз күйдегі кернеуі 2,5 вольттан аз болуы керек.*




PC13818 —UN—17OCT11

*Калибрлеуді орнату*

**A—Ашылмалы өрісті көру**
**B—Сол жақ датчик кернеуі**
**C—Оң жақ датчик кернеуі**
**D—КАЛИБРЛЕУ түймешігі**
**E—Калибрлеу күйі**

4. Калибрлеуді аяқтау үшін, RowSense диагностикалық көрсеткіштер бетінен шығыңыз.

BA31779,000020F -KK-08NOV11-1/1

## AutoTrac RowSense орнату

*ЕСКЕРТУ: Осы өнімді пайдаланудың алдында AutoTrac жүйесін орнату үшін, келесі қадамдарды орындау қажет:*

1. GS2 дисплейінде түпнұсқа GreenStar дисплейі >> ОРНАТУ >> AUTOTRAC тармағына өтіңіз
2. Орнатылған қатар бағыттауыш опциясы және іске қосылған қатар бағыттауыш опциясы үшін ИӘ таңдаңыз.
3. Қатар бағыттауыш датчиктерін калибрлеңіз.
4. Қатар бағыттауышының ауытқу мәні дұрыс екеніне көз жеткізіңіз (100 - әдепкі мән).

**A—Рульдік басқару сезімталдығы (50-200)**
**B—AutoTrac калибрлеу**
**C—Қатар бағыттауыш опциясы орнатылған**
**D—Қатар бағыттауыш датчигін калибрлеу**
**E—Қатар бағыттауыш ауытқуы (50-150)**
**F—Пайдаланылмайды**
**G—Оралу**




PC10466 —UN—27APR08

*Калибрлеуді орнату*

KR43067,00000FA -KK-13NOV08-1/1

## Қатар датчигін калибрлеу процедурасы

Бұл процедура жүйені орнатқанда немесе жүйені жөндегеннен кейін орындалады. Қатар датчиктерін орнатып, тұрғыларға қарама-қарсы орналастыру керек.

1. Калибрлеуге дайындау

   Қатар датчиктері бастапқы күйде ұстап тұрған серіппелермен орнатылғанын тексеріңіз. Қатар датчиктерінің жерге тиіп тұрмауын қамтамасыз ету үшін, хедерді көтеріңіз. Комбайн қозғалмауы керек.

**A—Рульдік басқару сезімталдығы (50-200)**
**B—AutoTrac калибрлеу**
**C—Қатар бағыттауыш опциясы орнатылған**
**D—Қатар бағыттауыш датчигін калибрлеу**
**E—Қатар бағыттауыш ауытқуы (50-150)**
**F—Пайдаланылмайды**
**G—Оралу**




PC10466 —UN—27APR08

*AutoTrac баптау*

Келесі бетте жалғасады

KR43067,0000123 -KK-17NOV08-1/2

2. Түпнұсқа GreenStar мониторындағы ОРНАТУ түймешігін басыңыз. AutoTrac жүйесіне көрсетіп тұрған әріп түймешігін басыңыз.
3. Датчиктің қозғалыссыз күйіндегі кернеулерін калибрлеңіз.

   Датчиктің қозғалыссыз күйіндегі кернеулерін SSU жадына сақтау үшін, қатар бағыттауышы датчигін калибрлеу түймешігін (E) басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: GSD экраны енді сол жақ және оң жақ датчик кернеулерін көрсетеді. Оң жақ датчиктің қозғалыссыз күйдегі кернеуі 2,5 вольттан үлкен болуы керек. Сол жақ датчиктің қозғалыссыз күйдегі кернеуі 2,5 вольттан аз болуы керек.*

4. Калибрлеуді аяқтау үшін, қатар датчигін калибрлеу режимінен шығыңыз.




PC10467 —UN—03MAR08

*Калибрлеуді орнату*

**A—Пайдаланылмайды**
**B—Пайдаланылмайды**
**C—Сол жақ датчикті калибрлеу (V) 1,17**
**D—Оң жақ датчикті калибрлеу (V) 3,83**
**E—Қатар бағыттауыш датчигін калибрлеу**
**F—Пайдаланылмайды**
**G—Оралу**

KR43067,0000123 -KK-17NOV08-2/2

## Қатар бағыттауыш ауытқуын орнату

Жүгері жинағыш тіркемесіне енетін сабақтардың туралануын өзгерту үшін, ауытқуды қатар бағыттауышына қосуға болады.

Туралаудың өзгертілуін қажет ететін жағдайлардың мысалдары:

- Орнатылған түйісетін қатарaралығы жүгері жинағыш тіркемесінің ортасында орналасқан және қатарaралықтары тіркеме бойынша аударылды. Ауытқуды барлық қатарлар ауытқусыз қатты еңкейметіндей етіп "айырмашылықты тең бөлу" үшін қолдануға болады.
- Тіркелген қатар датчиктері бар дән бөлгіштер қатармен туралaнбаған. Датчиктерді физикалық түрде туралау үшін жөндеу жұмыстарын орындағанша, ауытқуды қалпына келтіруге көмектесу мақсатында ауытқуды қолдануға болады.

100 мәнінен кіші ауытқу мәндерін енгізу комбайнның сәл солға жүруіне, ал 100 мәнінен үлкен мәндер комбайнның сәл оңға жүруіне әкелуі мүмкін. Әдепкі мән -50 - 150 ауқымымен 100 мәніне тең.

1. Түпнұсқа GREENSTAR мониторындағы ОРНАТУ түймешігін басыңыз. AutoTrac жүйесіне көрсетіп тұрған әріп түймешігін басыңыз.
2. Қатар бағыттауыш ауытқуын (50-150) енгізіңіз. Әдепкі мән – 100.
3. Орнатуды аяқтаңыз.




PC10466 —UN—27APR08

*Қатар бағыттауыш ауытқуын орнату*

**A—Рульдік басқару сезімталдығы (50-200)**
**B—AutoTrac калибрлеу**
**C—Қатар бағыттауыш опциясы орнатылған**
**D—Қатар бағыттауыш датчигін калибрлеу**
**E—Қатар бағыттауыш ауытқуы (50-150)**
**F—Пайдаланылмайды**
**G—Оралу**

KR43067,00000D6 -KK-12NOV08-1/1

## Дисплейлер мен көрсеткіштер

AutoTrac RowSense жүйесін пайдаланғанда, экранда келесі белгішелер көрсетіледі. GS3 2630 дисплейінде белгіше қатар датчиктерінің қолжетімді екенін көрсетіп, БАҒЫТТАУЫШТЫ КӨРУ қойындысының астындағы картада пайда болады (ДАТЧИК КҮЙІ түймешігі қосу күйіне ауысқанда). GreenStar™ 3 CommandCenter дисплейінде белгіше іске қосу бетінде пайда болады. Әр белгіше сол сәтте комбайнда не болып жатқанын көрсетеді.

Қатар датчиктері көлікті басқарған кезде белгіше ақ түстен түсті (жасыл) анимацияланған пішінге өзгереді.

PC10042C —UN—04FEB08



*Жүйе орнатылған (сұр фон)*

PC10042 —UN—04FEB08



*Жүйе іске қосылған, қатар датчигімен және GPS жүйесімен жұмыс істеп тұр (жасыл фон)*

PC10042A —UN—04FEB08



*GPS жоғалған, тек қатар датчигінің деректерімен жұмыс істеп тұр (сары фон)*

PC10042B —UN—04FEB08



*Қатар датчигінің сигналы жоғалған, тек GPS жүйесімен жұмыс істеп тұр (қызғылт сары фон)*

BA31779,0000224 -KK-08JUL11-1/1

## Қатар датчиктерін қосу

Қатар датчиктері қатар күйін анықтай алған кезде комбайнды бағыттайды. Механик-жүргізуші AutoTrac RowSense белгішесінің жасыл түске өзгеруі және қозғалысты көрсетуі арқылы қатар датчиктерінің комбайнды бағыттап жатқанын білетін болады.

**Бастапқы жол орнатылғаннан кейін (AB сызығы немесе бастапқы жазылған көлбеу жол), комбайн жол аралығының жарты шегінде және қатарларға қолжетімді бұрышта болғанда, жалғастыру түймешігін басуға болады. Қатар датчиктері іске қосылған сәтте қатар датчиктері комбайнды бағыттайды.**

**Бұрылыс белдігін бұру:** Бұрылыс белдігінің бұрылуы AutoTrac жүйесіне негізделген GPS жүйесімен бірдей орындалады. Механик-жүргізуші еруді қалайтын жолмен бір қатарға тұрады. Жалғастыру түймешігін басу AutoTrac жүйесін бағыттау жолына жүруіне әкеледі. Содан кейін қатар датчиктері қатар күйін анықтап, ізінен ереді. Бейімделгіш көлбеулер, шеңбер жол және AB көлбеулерінің сызығын кеңейту мүмкіндігін көршілес жолдың проекциясын бұрылыс белдіктеріне кеңейту үшін пайдалануға болады.




PC15049 —UN—22MAY12

*Қатар датчиктерін GS3 2630 қосу*




PC13877 —UN—18JUL11

*Қатар датчиктерін GS3 CommandCenter қосу*

BA31779,0000470 -KK-22MAY12-1/1

## Түзу жол

Түзу жолды қатарлар түзу болғанда пайдалану керек және шамамен 1 м (3-1/4 фут) артық өзгертпеңіз. Түзу жол барлық сызықтарды бірінші жолдан тыс шығарады.

Өріс сәйкесінше түзу болса және бағыт өзгермесе, қатардың көршілес жолдарға енуіне рұқсат беретіндіктен түзу жолды пайдалану ұсынылады. Өріс AutoTrac көмегімен себілген кезде өнімділік қатар енгізумен жақсартылады. Сондай-ақ, өнімділік қатар су жолдарына түсу барысында жақсартылады.

Түзу жолда болғанда, GPS сызығы автоматты түрде қайтадан ортаға келтіріледі. Бұл GPS жолының дән қатарларымен тиісті түрде тураланауын қамтамасыз етеді. **Бұл функция бейімделгіш көлбеулерде қолжетімді емес.**



PC10390 —UN—07JAN08

*Түзу жол*

Келесі бетте жалғасады BA31779,0000201 -KK-08NOV11-1/4

МӘЗІР >> GREENSTAR түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы

БАҒЫТТАУ РЕЖИМІ ашылмалы мәзірінен ТҮЗУ ЖОЛДЫ таңдаңыз. КӨРІНІС қойындысын таңдаңыз.

*ЕСКЕРТУ: Астық жинамаған кезде жазып алуды тоқтатып қойыңыз.*

Іске қосудан бұрын

1. Көру бетіндегі қабылдағыш белгішесін көру арқылы SF1, SF2 немесе RTK сигналы бар екеніне көз жеткізіңіз.
2. Жол аралығы дұрыс екенін тексеріңіз. Жол аралығы дұрыс болмаса, жол аралығын БАҒЫТТАУ қойындысында өзгертіңіз.

0 ЖОЛЫН ОРНАТУ тармағын таңдаңыз.

PC8663 —UN—05AUG05



*МӘЗІР түймешігі*

PC12685 —UN—14JUL10




*GREENSTAR 3 түймешігі*

PC8673 —UN—14OCT07



*БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі*

BA31779,0000201 -KK-08NOV11-2/4

1. АҒЫМДАҒЫ 0 ЖОЛЫ ашылмалы мәзірінен жол атауын таңдаңыз. Атауы болмаса, ЖАҢА түймешігін таңдап жаңа атауды жасаңыз.
2. ӘДІС ашылмалы мәзірінен жол әдісін (A + B) таңдаңыз.
3. Жолдың басына жүргізіңіз және A ОРНАТУ түймешігін таңдаңыз.
4. Жолдың аяғына жүргізіңіз және B ОРНАТУ түймешігін таңдаңыз.

   Өріс бойымен өтетін сызық жасалады.
5. AutoTrac RowSense жүйесін іске қосу үшін, жалғастыру түймешігін басыңыз.

**A—Ағымдағы 0 жолының ашылмалы мәзірі**
**B—Әдістің ашылмалы мәзірі**
**C—Жаңа түймешік**
**D—Жою түймешігі**
**E—Жол аралығы түймешігі**
**F—A орнату түймешігі**
**G—B орнату түймешігі**




PC10708 —UN—24OCT07

*0 жолын орнату*

**Келесі бетте жалғасады**

BA31779,0000201 -KK-08NOV11-3/4

**Қатар қалдығы—**Су жолында дән қатары болмайды. Түзу жолы мен AB көлбеулері жолды ортаға қайта келтіретіндіктен, оның су жолының басқа жағында дұрыс қатарды табуында мүмкіндік бар.

*ЕСКЕРТУ: GPS және қатар датчигі деректерінің сигналдары жоғалса, GPS сигналы қалпына келтірілмегенше жүйе іске қосылмайды.*




*Су жолы*

BA31779,0000201 -KK-08NOV11-4/4

## Бейімделгіш көлбеулер



PC10399 —UN—04FEB08

*Жол өріс арқылы жүру кезінде өзгереді*



PC10400 —UN—04FEB08

*Бағыт өріс арқылы өзгереді*

Бейімделгіш көлбеулерді барлық өрісте пайдалануға болады, алайда жол өріс арқылы өткен кезде өзгергенде, бағыт едәуір өзгергенде немесе көлбеу U пішінді болғанда міндетті түрде пайдалану ұсынылады. Бейімделгіш көлбеулерде RowFinder функциясын ауыстырып-қосқыш түймешігімен таңдауға мүмкіндік беретін қосымша функциясы бар. Қатар датчиктерін комбайнды қатарда кез келген уақытта қосулы болғанда басқару үшін пайдалануға болады. Көлбеу жолын жазып алу ҚОСУЛЫ болуы тиіс. Бұл бірінші жолды орнатып, түзу жол кеңейтімдерінің пайда болуына мүмкіндік береді.

Бейімделгіш көлбеулер тек көршілес жолға өтеді, алайда әртүрлі көлбеу пішіндерін өңдеу мүмкіндігі бар және ықтимал болжалды қатар қателері өріс бойынша жиналмайды.

Бірнеше комбайн өрісте болса, бейімделгіш көлбеулер жолды өтіп кетуге мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда бейімделгіш көлбеулер тек басқа комбайндардың жол аралығы оған қосылған жағдайда ғана жұмыс істей алады. Мысалы, бірдей өрісте бірге жинау барысында 12 қатарлы тіркеме 30 дюйм қатарлардағы 8 қатарлы тіркемеге ілессе, әрқайсысына 20 қатарлы (50 фут) жол аралығы қажет болады.

Бейімделгіш көлбеулерді жол өріс бойынша жиі өзгерген кезде пайдалану ұсынылады. Бейімделгіш көлбеулер тек келесі жолдан өтеді.



PC11000 —UN—04FEB08

*Көлбеулер U пішінді*

KR43067,00000AE -KK-10NOV08-1/1

## Бейімделгіш көлбеулерді орнату

МӘЗІР >> GREENSTAR түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы

БАҒЫТТАУ РЕЖИМІ ашылмалы мәзірден БЕЙІМДЕЛГІШ КӨЛБЕУЛЕРДІ таңдаңыз. КӨРІНІС қойындысын таңдаңыз.

Іске қосудан бұрын

1. Көру бетіндегі қабылдағыш белгішесін көру арқылы SF1, SF2 немесе RTK сигналы бар екеніне көз жеткізіңіз.
2. Жол аралығы дұрыс екенін тексеріңіз. Жол аралығы дұрыс болмаса, жол аралығын БАҒЫТТАУ қойындысында өзгертіңіз.

1. Жолды жазуды бастау үшін, жазып алу түймешігін таңдаңыз.
2. Өріс бойынша жолды жүріңіз. Бірінші жол бойынша жүргізгеннен кейін, тек келесі жолдың проекциясы жасалады.
3. AutoTrac RowSense жүйесін іске қосу үшін, жалғастыру түймешігін басыңыз.

AutoTrac режимінде болғанда, рульдік басқару доңғалағы бұрылған кезде жазып алу өшеді. Құжаттама режимінде болғанда, хедер көтерілген кезде жазып алу өшеді.

**AutoTrac режимі—** Механик-жүргізуші тек көршілес жол үшін жақсартылған қатар енгізуді қаласа, бейімделгіш жазып алуды AutoTrac жүйесіне қосыңыз. Бұл тек өріс артық көлбеулерсіз сәйкесінше түзу болса және AutoTrac жүйесі анда-санда өшсе ғана ұсынылады (қолмен басқару немесе GPS жүйесінің жоғалуына байланысты).

**Құжаттама режимі—** Бейімделгіш көлбеулерді құжаттамаға қосыңыз. Бұл механик-жүргізушіге жұмыс барысында рульдік басқару доңғалағын пайдалануға және жүрген жолды жазуды жалғастыруға мүмкіндік береді. Сызық кеңейтімдері келесі жолда қолжетімді,

PC8663 —UN—05AUG05



*МӘЗІР түймешігі*

PC12685 —UN—14JUL10




*GREENSTAR 3 түймешігі*

PC8673 —UN—14OCT07



*БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі*

алайда шеткі қатарлардағы тіркемені көтеруде кідіріс болғандықтан, олар қатар енгізуде аса пайдалы болмайды. Өнімділік қатар қалдығының кезеңдерінде шектік болады.

**Қолмен жазып алу—** Механик-жүргізуші бейімделгіш жазып алуды қолмен жазып алуға қоса алады. Бұл режим механик-жүргізуші шеткі қатардағы тоқтату түймешігін үздіксіз баспағанша, сызық кеңейтімдеріне мүмкіндік бермейді. Механик-жүргізуші жазып алуды өшіруді ұмытып кетсе, бұл дұрыс емес иілгіштік проекциясы сияқты мәселелерге әкелуі мүмкін. Мысалы: Механик-жүргізуші жүкті түсіру үшін, қатардан шығып, кідірту түймешігін баспаса, жол жазылып қалады. Механик-жүргізуші көршілес жолдан төмен жүргізсе, проекцияланған сызық өшірулі болатындықтан комбайн қатардан сәл шығады.

**Келесі бетте жалғасады** BA31779,0000472 -KK-24MAY12-1/2

Басыңыз: МӘЗІР >> GREENSTAR түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы >> КӨЛБЕУ ЖОЛЫНЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ түймешігі >> КӨЛБЕУ ЖОЛДЫ ЖАЗЫП АЛУ ашылмалы мәзірі (A).

Тізімде берілген бейімделгіш көлбеу режимдерін жоғарыда көрсетілген экранда қалаған режимді таңдау үшін, ашылмалы мәзірді пайдалану арқылы өзгертуге болады.

- AutoTrac
- Құжаттама
- Нұсқаулық




PC15156 —UN—24MAY12

**A—Көлбеу жолын жазып алу**
**B—Жол өткелінің аяғы**
**C—Аспа құралдың жердегі бұрылу радиусының құсбелгісі**
**D—Аспа құралдың жердегі бұрылу радиусының құсбелгісі**
**E—Деректерді жою түймешігі**
**F—Бірқалыпты тартылған бұрылыстар құсбелгісі**
**G—Қабылдау түймешігі**

BA31779,0000472 -KK-24MAY12-2/2

## RowFinder

RowFinder функциясын бейімделгіш көлбеулерде жұмыс істеген кезде және екі не одан көп жолдарға алшақ қатарды табуда пайдалануға болады. Бейімделгіш көлбеу режимінде бұрылыс белдігіне жеткен кезде RowFinder функциясын қосу үшін, RowFinder түймешігін таңдаңыз. Бұл көліктің күйін және бағытын жазып алады.

*ЕСКЕРТУ: AutoTrac жүйесі RowFinder түймешігінің бірінші қосылысының 3 минуты ішінде өшпесе, жазылып алынған күй мен бағыт жойылады*

Қатардың соңында жазып алудың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Дисплей параллель қатарларды көрсетеді.

Бұрылыс белдігін қалаулы қатарға қарай бағыттаңыз. Қатарды енгізіңіз және RowFinder функциясын өшіру үшін, RowFinder түймешігін таңдаңыз. Бұл жүйені қайта бейімделгіш көлбеулер режиміне ауыстырады.

Астық жинауды бастамас бұрын жазып алудың қосылғанына көз жеткізіңіз. **Жалғастыру түймешігін басыңыз.** Содан кейін AutoTrac жүйесі комбайнды қатардан төмен бағыттайды және бірінші жаңа жол жазылып алынады.

PC15050 —UN—22MAY12



*RowFinder өшірілген*

PC15051 —UN—22MAY12



*RowFinder қосылған*




PC15157 —UN—24MAY12

**A—Көрініс**
**B—Бағыттау параметрлері**
**C—Жолды жылжыту параметрлері**
**D—iTec Pro**
**E—RowFinder түймешігі**
**F—RowSense күйінің белгішесі**
**G—Жазып алу түймешігі**
**H—Кідірту түймешігі**
**I— Рульді ҚОСУ/ӨШІРУ түймешігі**

BA31779,0000471 -KK-24MAY12-1/1

## AB көлбеулері

AB көлбеулерін өріс ішінде үздіксіз көлбеулер болғанда пайдалану ұсынылады. Бұл қатардың көршілес жолдарға өтуіне мүмкіндік береді. Өріс AutoTrac көмегімен себілсе, өнімділік жақсартылады. AB көлбеулері де қатар қалдығының кезеңдері ішінде өнімділікті жақсартады.

AB көлбеулерінде көлбеу жолды параллель сызықтар ретінде өріс арқылы шығару мүмкіндігі бар, алайда көлбеу пішіні әр жолда бірдей болып келеді.

AB көлбеулерінде болғанда, GPS көлбеуі автоматты түрде қайта ортаға келтіріледі. Бұл GPS жолының дән қатарларымен тиісті түрде туралануын қамтамасыз етеді. **Бұл функция бейімделгіш көлбеулерде қолжетімді емес.**



PC10393 —UN—08JAN08

*AB көлбеулері барлық сызықтарды бірінші жолдан тыс шығарады*

Келесі бетте жалғасады BA31779,0000203 -KK-08NOV11-1/3

МӘЗІР >> GREENSTAR түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы

*ЕСКЕРТУ: Астық жинамаған кезде жазып алуды тоқтатып қойыңыз.*

1. БАҒЫТТАУ РЕЖИМІ ашылмалы мәзірден AB КӨЛБЕУЛЕРІН таңдаңыз. КӨРІНІС қойындысын таңдаңыз.
2. КӨРУ қойындысындағы қабылдағыш белгішесін көру арқылы SF1, SF2 немесе RTK сигналы бар екеніне көз жеткізіңіз.
3. AB КӨЛБЕУЛЕРІ түймешігін таңдаңыз.
4. Жол аралығы дұрыс екенін тексеріңіз. Жол аралығы дұрыс болмаса, жол аралығын БАҒЫТТАУ қойындысында өзгертіңіз.

PC8663 —UN—05AUG05



*МӘЗІР түймешігі*

PC12685 —UN—14JUL10




*GREENSTAR 3 түймешігі*

PC8673 —UN—14OCT07



*БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі*

BA31779,0000203 -KK-08NOV11-2/3

5. АҒЫМДАҒЫ AB КӨЛБЕУІ ашылмалы мәзірінен AB көлбеу атауын таңдаңыз. Атауы болмаса, ЖАҢА түймешігін таңдап жаңа атауды жасаңыз.
6. Бірінші жолдың басында жазып алу түймешігін таңдаңыз.
7. Бірінші жолдың соңында қабылдау түймешігін таңдаңыз. Көлбеулер өріс арқылы шығарылады.
8. AutoTrac RowSense жүйесін іске қосу үшін, жалғастыру түймешігін басыңыз.

**A—Ағымдағы AB көлбеуі ашылмалы мәзірі**
**B—Жаңа түймешік**
**C—Жою түймешігі**
**D—Жол аралығы түймешігі**
**E—Жазып алу/тоқтату түймешігі**
**F—Кідірту түймешігі**




PC10709 —UN—25OCT07

BA31779,0000203 -KK-08NOV11-3/3

## Шеңбер жолды орнату

Шеңберлеп жүру егін өрісте шеңбермен отырғызылған жағдайда ұсынылады.

Жиналатын қатарлар шеңберлерде болса, шеңбер жолды пайдалану керек. Бұл қатар датчиктеріне қолданылатын GPS иілгіштігінен кіруге мүмкіндік береді.

МӘЗІР >> GREENSTAR түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы

